

14.00.50 – "Еңбек медицинасы" мамандығы бойынша медицинағылымдарының кандидаты, «Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КеАҚ доцентінің м.а. У. А. Сатыбалдиеваның 6D110200-«Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынылған «Батыс Қазақстан аймақтарындағы кәсіби аурушандықтың медициналық-әлеуметтік аспектілері» тақырыбындағы Ж. М. Шаймбетовтың диссертациялық жұмысына қатысты

## ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСШІНІҢ ПІКІРІ

Басқа нозологиялық топтарға қарағанда, кәсіби аурулар диагностикасы дәрігердің кәсіби құзыреттілігіне ғана емес, сонымен қатар басқа да медициналық емес факторларға байланысты нозологиялар тобы болып табылады. Кәсіби ауруларды ерте анықтау жөніндегі проблемалар Республикада бірнеше рет субъективті тұжырымдар түрінде отандық ғалымдардың мақалалары мен баяндамаларында жарияланды. Ж. М. Шаймбетов өзінің "Батыс Қазақстан аймақтарындағы кәсіби аурушандықтың медициналық-әлеуметтік аспектілері" атты диссертациялық жұмыснда кәсіби аурушандықтың деңгейіне әсер ететін барлық ықтимал себептерді зерттеу бойынша кешенді тәсілді қолданды. Сонымен қатар, автор жұмыс жасайтын халықтың денсаулығын қалыптастыру мәселелерін шешу жолдарын ұсынды, бұл практикалық денсаулық сақтау үшін аталған зерттеудің сөзсіз өзектілігін көрсетеді. Автор зерттеу объектісі ретінде Қазақстанның ең проблемалы, батыс аймағын таңдады.

Еңбек медицинасы саласындағы әлемдік үрдістер, Қазақстанның өнеркәсіптік кәсіпорындарындағы еңбек жағдайлары, жұмысшылардың денсаулығын қорғау бойынша халықаралық және отандық нормативтік-құқықтық құжаттарды зерттеу бойынша келтірілген деректер автордың ауқымды патенттік іздестіру жұмыстарын жүргізгендігін көрсетеді.

Талданып отырған мәселеге шығармашылық және өзіндік көзқарас Ж. М. Шаймбетовке диссертациялық жұмыстың міндеттерін нақты тұжырымдауға мүмкіндік берді, зерттеу нәтижелері мен қорытындыларда олардың шешімі көрініс тапқан.

Автор Батыс Қазақстан аймақтарындағы кәсіби аурушандық деңгейі мен зиянды және қауіпті еңбек жағдайларында жұмыс жасайтын жұмысшыларды мерзімді медициналық тексерулердің тиімділік критерийлерін анықтауға, жұмыс жасайтын контингенттің денсаулық

көрсеткіштеріне материалдық-техникалық қамтамасыз етілу мен кадрлық әлеуеттің әсерін зерделеуге қол жеткізді. Алынған қорытындылар диссертацияның шынайылық, жаңашылдық және практикалық маңыздылығы критерийлеріне сәйкестігін көрсете отырып, статистикалық талдаудың қазіргі заманғы әдістерінің жеткілікті санымен расталды.

Ж. М. Шаймбетовтың диссертациялық жұмысының негізгі ережелері диссертацияның мазмұнына сәйкес келеді және автор келтірген дәлелмен расталады.

Жалпы, Ж. М. Шаймбетовтың диссертациялық жұмысы ғылыми және практикалық бағыттағы аяқталған зерттеу болып табылады.

Зерттеу кезінде диссертация жазушы өзін ғылыми міндettерді тұжырымдай және шеше алатын, өз көзқарасын дәлелдей біletіn зерттеуші ретінде көрсете білді.

Жангелді Мырзагелдіұлы Шаймбетовты 6D110200 – «Қоғамдық денсаулық сактау» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп санаймын.

**М.ғ.к., кәсіби аурулармен  
гигиеналық пәндер кафедрасы**  
доцентінің м.а.

Сатыбалдиева У.А.

